МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №26-27 (6478) 2 сәуір, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

САЙЛАУ – 2024



## ТҮРКИЯДАҒЫ ТАРТЫСТЫ САЙЛАУ

3

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА



## ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒЫТЫ

**Шығыс пен Батыс арасын жалғайтын алтын көпірге айналады**

3

ОРАЗАДАҒЫ ОЙ



## ОРАЗА ЖӘНЕ БАЛА

**Мектеп жасындағы жеткіншектердің ауыз бекітуіне көзқарасыңыз қандай?**

11

АҚОРДА

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:**

# ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ БАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

**Мемлекет басшысы Республикалық штабтың отырысын өткізді**



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

**Еліміздің бірқатар өңірі су тасқынынан ауыр зардап шегуде. Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Ұлытау, Абай облыстарында су тасқынына байланысты төтенше жағдай жарияланды. 30 сәуір күні Ақордада шұғыл кеңес өткізіп, дағдарысты еңсеруге нақты тапсырмалар берілді. Осыдан кейін Республикалық штаб құрылып, оған Премьер-министр Олжас Бектенов жетекшілік етті. 1 сәуірде өткен Республикалық штаб отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы су тасқыны ауқымы жағынан соңғы 30 жылдағы ең ірі су тасқыны саналған 2012 және 2017 жылдардағы деңгейден әлдеқайда асып түскенін мәлімдеді. Әрі апатқа қарсы шаралардың ең басты міндеті адам шығынына жол бермеу деп тапсырды.**

2

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# БІЗ БІРГЕМІЗ!

**Алматыда су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге гуманитарлық көмек қабылдайтын пункт ашылды**

**Үйлерін қызыл су басқан өңірдегі халықтың жағдайына Алматы халқының да алаңдап отырған жайы бар. Тосыннан келген табиғат апатынан сақтандырылмаған жұртшылыққа бұл жағдай оңайға түскен жоқ, әрине.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Десек те, біздің бойымызда қиналғанға демеу, жығылғанға тіреу, сүрінгенге сүйеу секілді ата-баба қанымен дарыған қасиет бар. Мұндай адамдық пен адамгершіліктің асқар шыңына балайтын құндылықты қала халқы да жоғары бағалайды. Сондықтан қасиетті Рамазан айында алматылықтар да су тасқынынан зардап шеккен ағайынға көмек көрсетуге әзір.

Мәселе тек ақшалай көмек көрсетуде емес, мұқтаж жандарға заттай да қолұшын беруге болады. Егер жүрегіңіз мейірімге, жаныңыз жақсылық жасауға дайын болса, Алматыдағы су тасқынынан зардап шеккендерге арналған гуманитарлық көмек қабылдау пунктіне келіңіз.

Пункт Алмалы ауданының комьюнити-орталығында ашылған. Гуманитарлық көмек мына тізім бойынша қабылданады:

– азық-түлік;
– ауызсу;
– медициналық препараттар және медициналық керек-жарақтар;
– киім (жылы киім, аяқкиім, іш киім, шұлық және т.б.);
– заттар (көрпелер, ұйықтайтын сөмкелер, жастықтар және басқалар);
– шаруашылық тауарлары (шатырлар, кереметтар, термостар, шамдар, пауэрбанктер, шәйнектер, балалар ыдыстары, емізіктер, т.б.);
– гигиена құралдары (жөргектер, әйелдер гигиенасы, сабын, тіс пастасы, сусабындар, майлықтар, дәретхана қағазы, жуғыш заттар және басқалар).

Мекенжайы: Байтұрсынов көшесі, 22/1. Қабылдау уақыты: 10.00-ден 19.00-ге дейін. Байланыс нөмірлері: +7 747 821 64 78; 7 747 540 01 40.

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**
*(бүгін және ертең)*

**2.04.2024**

**Түнде:**
**+2+4 °C**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:**
**+13+15 °C**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с**

**3.04.2024**

**Түнде:**
**+5+7 °C**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:**
**+12+14 °C**
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

**Желдің жылдамдығы: 2-7, найзағай кезінде екпіні 13 м/с**

www.almaty-akshamy.kz

0 745178 614887

## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ БАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

## Мемлекет басшысы Республикалық штабтың отырысын өткізді

*(Басы 1-бетте)*



### Апаттың ахуалы және қабылданған шаралар

30 наурызда Ақордада су тасқынына байланысты шұғыл отырыс өтті. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев зардап шеккен өңірлер тұрғындарына үлкен көлемде шығын келуіне байланысты өкінішін білдірді. Әрі қалыптасқан жағдайға байланысты кешірім сұрап, барлық азаматқа көмек көрсетілетінін жеткізді. Президент Үкімет пен әкімдердің жұмысы немқұрайлы болғанын, әрі кәсіби міндетіне сәйкес келмейтінін сынға алды.

Мемлекет басшысы өткізген жиында Премьер-министр төрағалық ететін Республикалық штаб құрылып, тасқынға қарсы жұмыстардың күшейтілетіні белгілі болды. Оған қоса, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бірінші кезектегі маңызды міндет ретінде жүктелді. Мемлекеттік құрылымдарға табиғат апаты салдарынан болған шығын көлемін анықтау және алдағы уақытта осындай апаттардың алдын алу үшін кешенді шаралар қабылдау міндеттелді.

**Ахуал:**

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі апатты жағдайдың кеше, 1 сәуірдегі түске дейінгі жалпы жағдайын мынадай мәліметтермен көрсетті:

• Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақмола, Атырау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Алматы, Павлодар, Ұлытау, Абай облыстарында 12 701 адам (оның ішінде 4728-і бала) құтқарылды және эвакуацияланды.

• Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай облыстарында уақытша орналастыру пункттерінде 6461 адам (2570-і бала) панадауда.

• Әуе кемелерінің көмегімен 961 адам (оның 261-і бала) эвакуацияланды.

• «Жедел желі» телефондарына 592 қоңырау келіп түскен; 20 өңірде республикалық және облыстық жедел штабтар жұмысын жалғастыруда.

• 299 жеке тұрғын үй мен 673 аула аумағынан су шығарылды. Бұл ретте 1267 жеке тұрғын үй мен 486 аула аумағы су астында қалып отыр.

• Су шайған 39 автожол, оның ішінде 1 көпір және 38 жол төсемі бақылауда.

• Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Ұлытау, Абай облыстарында жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 53 елдімекен көлік қатынасынсыз қалды.

• Өзендер мен су қоймаларындағы су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізілуде.

• Авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ІІМ, ҚМ, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 6930 адам, 1895 техника, 772 су айдау құралы және 68 жүзу құралы, 8 әуе кемесі жұмылдырылды

### Сын мен сөгіс

Ақордада өткен жиында Президент су тасқынына қарсы уақытылы шара қабылдамағаны үшін Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовке қатаң сөгіс берді. Ал Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарының әкімдеріне қызметтік міндеттеріне толық сай келмеуіне байланысты ескерту жасады. Бұдан тыс Атырау, Ақмола, Алматы, Павлодар және Абай облыстарының әкімдеріне қатаң сөгіс жарияланды.

Ақордадағы шұғыл кеңестен кейін мәлімдеме жасаған Үкімет басшысы Олжас Бектенов: *«Мемлекет басшысы тарапынан барлық құзыретті органдарға тиісті тапсырма берілді. Кінәлі тұлғалардың барлығы тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Зардап шеккен адамдарға шығынның бәрі өтеледі»*, – деді.

Саясаттанушылар Президент тарапынан қатаң сөгіс немесе қызметке толық сәйкес еместігі бойынша ескерту лауазымдылар арасында алдағы уақытта қызметінен кетуі мүмкін тұлғалар бар екенін айтады. Президенттің әкімдер мен үкімет жетекшілерінің жұмысына қатысты сөгісі, ескертуі нақты нені аңғартады? Бұл туралы осы материалға «Тақырыпқа орай» айдарымен берілген сарапшы пікірінен білуге болады.

### Басқарудың инклюзивті жүйесі керек

2022 жылы қыркүйекте Президент өзінің халыққа Жолдауында жаңа экономикалық бағытымыз жайында: «Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады», – деген болатын. Былтырғы Жолдауында бұл ұстанымды қайталай отырып: «Экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты еш өзгермейді. Оның мәні – сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әл-ауқатын арттыру», – дегені бар. Иә, инклюзивтілік сақталмай экономиканы алға ілгерілету мүлде қиын шаруа. Қазіргідей жаһандық ықпалдастық кезеңінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін ішкі экономикалық, әлеуметтік мүддені қамтамасыз етуде де инклюзивтілік негізгі рөл ойнайды. Алайда, саяси институттардың экстрактивті болып қала беруі бұған қарама-қайшылық тудырып жатқаны су тасқыны кезінде анық байқалғандай болды.

Өңір әкімшілігі, жергілікті басқару құрылымдары қандай да бір дағдарысты шешуде икемсіздігін танытуда. Дағдарысқа қарсы шешім қабылдау мен іс-әрекет етуде жергілікті басқару құрылымдарының икемсіздігі ұдайы айтылып келе жатқан мәселе. Басқару құрылымының жоғарыдан төменге қарай құзыреті, міндеті, бюджеті мен жауапкершілігі үйлесімді бөлінбеген. Жаһандық климат өзгерісі мен өзге де сын-қатерлердің жиілеу мемлекеттік басқарудың тіпті де инклюзивті бола түсуін талап етуде. Бұл алдағы уақытта мемлекеттік реформаның басым бағытына айналса, кез келген сын-қатерге қарсы іс-қимылдар, алдын ала шаралардың өнімділігі жоғарылай түспек.



**Естай БОЖАН,**
**сарапшы.**

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**П.ШӘМШИЕВ,**
**саясаттанушы:**

***– Бұл жерде кімге қандай тәртіптік жаза қолданылғаны маңызды. Мемлекеттік қызмет туралы заңда тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшілерге мынадай жаза түрлері қолданылады:***

***1) ескерту;***
***2) сөгіс;***
***3) қатаң сөгіс;***
***4) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту;***
***4-1) өз қызметін сайлану негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік лауазымын төмендету;***
***5) атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығару.***

***Тәртіптік жаза теріс қылықтың деңгейіне қарай қолданылады. Оның деңгейі төмен болса, «ескерту» беріледі. Ал қойған міндеттерді мүлдем орындай алмаса, лауазымынан босатылады. Бұл жолы саяси мемлекеттік қызметшілер 3 деңгей бойынша жазаланды:***

***• Қызметтік міндеттеріне толық сай келмеуіне байланысты «ескерту»;***
***• Су тасқынына қарсы уақытылы шара қабылдамағаны үшін «қатаң сөгіс»;***
***• «Қатаң сөгіс».***

***Бұлардың ішінде ең ауыр жаза «Қызметтік міндеттеріне толық сай келмеуіне байланысты «ескерту» жариялау. Бұл жұмыстан шығуға біртабан жақын дегені. Демек, алдағы уақытта Ақтөбе, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдері қызметтен кетуі мүмкін. Менің болжамым бойынша Асхат Шахаров, Құмар Ақсақалов және Нариман Төреғалиев басқа жұмыс қарастыра бергені жөн.***

***Мен жоғарыда қатаң сөгісті екі рет тектен-тек жазған жоқпын. Себебі, оның қолданылуындағы контекст екі түрлі. Президент су тасқынына қарсы уақытылы шара қабылдамағаны үшін Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовке қатаң сөгіс жариялады. Ал Атырау, Ақмола, Алматы, Павлодар және Абай облыстарына жай ғана «қатаң сөгіс» алды. Екі жағдайда да орташа теріс қылық жасалған. Айырмашылығы бірінші жағдайда премьердің бірінші орынбасары және министрге қолданылған жаза олардың су тасқыны бойынша үйлестіруді дұрыс жолға қоймағанын, сонымен қатар олардың жазаланған облыс әкімдеріне қарағанда жауапкершілігі жоғары екенін көрсетеді.***

***Екінші жағдайда, жоғарыдағы облыс әкімдері Асхат Шахаров, Құмар Ақсақалов және Нариман Төреғалиевтер секілді жұмысына салғырт қарамағанын білдіреді. Сондықтан алдағы күндері олар қызметтен кетпейді. Ақтөбе, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдері қашан кетуі мүмкін деген сұрақ болуы табиғи. Меніңше, жағдай тұрақталған соң әкімдер өз еріктерімен қызметтен кетеді.***

**– Су тасқынынан зардап шеккен адамдарға тиісті барлық көмек көрсетілсін. Бұл мақсатқа Үкіметтің және әкімдіктердің резервін ғана емес, «Қазақстан халқына» қорының қаржысын да пайдалану қажет. Осындай жауапты сәтте еліміздегі бизнес өкілдерін халыққа қолұшын созуға шақырамын. Апаттан зардап шеккен азаматтарға және аймақтарға барынша қолдау көрсету керек. Бұл – дәл қазіргі кезеңде баршаға ортақ міндет. Қарғын судан қатты шығынға ұшыраған батыс аймақтарда ірі кәсіпорындар көп. «Самұрық–Қазына» қорына қарасты компаниялар, жер қойнауын игерушілер бар. Олар халыққа жәрдем беріп, бүлінген инфрақұрылымды қалпына келтіруге атсалысады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.**

САЙЛАУ – 2024

# ТҮРКИЯДАҒЫ ТАРТЫСТЫ САЙЛАУ

**31 наурызда Түркияда жергілікті әкімшілік билікке сайлау өтті. Сайлауда оппозициялық партия өкілдері басты қалаларда жеңіске жетті. Анкара, Стамбул және Ізмір қалалары елдің саяси, экономикалық және мәдени орталықтары. Онда оппозициялық «Республикалық халықтық партия» өкілдері 2019 жылғы жетістікті қайталады. Бұл жеңіс қазіргі президент Режеп Ердоған-ның билігіне ауыр соққы болып тигені анық. Ендеше, сайлаудың нәтижесі алдағы президент және парламент сайлауларына қалай әсер ететіні жайлы ой өрбітсек.**



**ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС**

Түркияның XXI ғасырдың басындағы саяси тарихы «ердоғанизм» ұғымымен байланысты. Ол Түркияның республика атануына әсер еткен «кемализм» ұғымымен қатар әрі қарама-қарсы қолданылады. Бүгінде саяси идеология деңгейіне жеткен саяси-әлеуметтік құбылыс.

XX ғасырдың басында Осман империясының үгіндісінде оның мұрагері ретінде Түркия Республикасы құрылды. Республиканың негізін Мұстафа Кемал Ататүрік қалады. Кемал Ататүрік мемлекеттік идеология ретінде кемализмді ұсынды. Иә, ол кезде бұл ұғым болған жоқ. Бұл барлық идеологияларға тән құбылыс. Марксизмнің пайда боларын Карл Маркс білмегені секілді Ататүрік те бұдан бейхабар еді.

Кемализмнің 6 негізгі қағидасы бар:

• **Республика** – османдық абсолютті монархияға балама ретінде ұсынылды. Монархиядан айырмашылығы жоғарғы билік сайлау арқылы легитимді болады. Президент, Парламент (Мәжіліс) саяси бәсеке арқылы сайланады.

• **Национализм** – титулды ұлттық басымдығы конституцияда айқындалды.

• **Халықтық** – биліктің қайнар көзі халық дегенді білдіреді. Осы арқылы халықтық суверенитет ұғымы енгізілген.

• **Секуляризм** – мемлекет пен діннің бөлінісін көрсетеді. Яғни мемлекеттің дінге, діннің саясатқа араласуына жол берілмейді. Секуляризм «зайырлы» мемлекеттің пайда болуына әсер етті.

• Мемлекеттік реттеу немесе **«этатизм»** – мемлекеттің экономиканы реттеудегі рөлі жоғары болды.

• **Революция** – дәстүрлі қоғаммен күрес және еуропалық ел болуға ұмтылысты білдіреді.

«Кемализм» мемлекеттік идеология деңгейінде Конституцияда бекітілген. Бірақ Режеп Ердоғанның билікке келуі елде баламалы идеология бар екенін көрсетті. «Ердоғанизм» идеологиясының бірнеше белгілері бар:

• Президенттік институттың күшейіп, өзге билік тармақтарының әлсіреуі;

• Ислам діні ықпалының күшеюі;

• Ресми Түркия ЕО-қа мүше болуға ұмтылғанымен дәстүрлі қоғамның ықпалы күшейген.

Мұның бәрі Түркияда «кемализм» мен «ердоғанизм» арасында идеологиялық қарама-қайшылық бар екенін көрсетеді.

**«ЕРДОҒАНИЗМНІҢ» СОҢЫ МА?**

Режеп Ердоған 2014 жылдан бері елдің президенті. Сол жылы өткен сайлау алдыңғыларына қарағанда ерекше өтті. Оған дейін президентті парламент сайлаған. Бұл жолы алғаш рет бүкіл халық сайлады. Осы кезден бастап мемлекет парламенттік республикадан президенттікке өте бастады.

Дегенмен, Р.Ердоғанның сыртқы және ішкі саясаттағы шешімдері, қаржы-экономикалық дағдарыс оның беделін түсіруде. 2014 жылғы сайлауда ол 52%-ға, ал 2018 жылы 53%-ға жуық дауыс жинаған. Бірақ 2023 жылы жеңіске жету үшін 2 тур қажет болды. Бірінші турда 50% межені еңсере алмады.

Парламенттік сайлауларда Ердоғанның «Әділдік және даму» партиясы сенімді жеңіске жетіп келеді. Ұлы ұлттық мәжілісте 2002 жылдан бері билеуші партия болып саналады.

| Партия/ жыл | 2002 | 2007 | 2011 | 2015 | 2018 | 2023 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Әділдік және даму» | 34,2% | 46,6% | 49,83% | 49,50% | 42,56% | 52,8% |

Режеп Ердоған мен оның партиясының саяси науқандағы жетістіктерін ескерсек, оппозицияның әлсіз екеніне көзіміз жетеді. Дегенмен, жергілікті әкімшілік деңгейде оппозицияның ықпалы күшеюде.

**ОППОЗИЦИЯНЫҢ АРАНЫ АШЫЛДЫ**

Түркияның сайлау жүйесінің бізден ерекшелігі әкімдерді халық тікелей сайлайды. 2019 жылдан бері жергілікті әкімшілік сайлауында оппозициялық «Республикалық халықтық партия» өкілдері белсенді қатысуда. Елдің ең негізгі Анкара, Стамбул және Ізмір қалаларында оппозициялық партияның мүшелері қатарынан екінші рет жеңіске жетуде. Атап айтар болсақ, Анкараның мэрі Мансұр Яваш, Стамбулдың мэрі Экрем Имамұғлы, Ізмірдің мэрі Тунч Сойер өз билігін сақтап қалды. Р.Ердоған жексенбіде өткен сайлауда оларды жеңіске жетуімен құттықтады.

Осы қарқынмен кетер болса, оппозиция 2028 жылғы президент және парламент сайлауларында билікке лайықты бәсеке тудырмақ.



**Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА

# ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒЫТЫ

## Шығыс пен Батыс арасын жалғайтын алтын көпірге айналады

**Еліміздің геосаяси негізде өркениеттер тоғысында орналасуы Азия мен Еуропа арасында халықаралық сауда айналымын қамтамасыз ететін бірегей логистикалық хаб ретінде орнығуда. Соңғы жылдары ұжымдық Батыстың Ресейге қарата жариялаған экономикалық санкциялары нәтижесінде Шығыс пен Еуропаны Ресей территориясынан тыс байланыстыратын баламалы тауар тасымалы жолы қалыптасты. Транскаспий халықаралық көлік бағдары (Орта дәліз деп те аталады) Батыс Қытай мен Батыс Еуропа арасын жалғап отырған бірегей, халықаралық сауда жолы. Аталмыш әлеуетті көлік бағдарының мүмкіндігі туралы 2005 жылдан бері саясаткерлер мен сарапшылар тарапынан айтылып келгенімен, соңғы жылдары жоба толықтай негізде жүзеге асуға мүмкіндік туында. Мақаламызда «Орта дәліз» сауда жолы аясында еліміздің логистикалық әлеуеті мен болашағын сараптап көрелік.**



(Дереккөз: naryk.kz)

• ***Орта дәліз көлік бағыты бойынша тауар тасымалы Қытайдың батысынан Еуропаға дейін 12–15 күн аралығында тасымалданады. Жылына 10 млн тоннадан астам жүк, 200 мың контейнерге дейін тауар өткізуге әлеуетті.***

Көлік-логистика саласы – ұлттық экономикамыздың күре тамыры. Елімізде 2010 жылдан бастап ҚР көлік инфрақұрылымына 35 миллиард доллардан астам инвестиция салынды. Стратегиялық тұрғыда еліміздің логистикалық әлеуетінің артуы Қытай, Оңтүстік Азия, Ресей және Еуропа бағытында тауар тасымалын жүйелендіріп, өңірде логистикалық хаб ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді. Транскаспий халықаралық көлік бағдары бағыты – Қытай (Ляньюньган портынан Сиань арқылы Үрімшіге дейін) – Қазақстан (Қорғас және Достық құрлықтық порттарынан Ақтау және Құрық порттарына дейін) – Әзербайжан (Алят порты) – Грузия (Тбилиси). Тбилисиден ары қарай жол Грузияның Поти портына және Қара теңіз арқылы Еуропа құрлығы тауар тасылмалдайтын XXI ғасырда қайта жаңғырған Ұлы Жібек жолының баламасы.

Қалыптасқан геосаяси жағдай әлемдік тауар тасымалының қалыптасқан тізбегіне өзгерістер енгізді. Елімізге келетін импорттық тауарлардың басым бөлігі Ресей арқылы келетіндіктен, Еуропалық Одақ елдерінен келетін импорттық өнімдердің бағасы артты. Бұл ретте Қазақстан тауарлардың экспорты мен импортының баламалы жеткізу жолдарын белсенді дамытуда Транскаспий халықаралық көлік бағыты стратегиялық маңызға ие болды.

Бүгінде Каспий теңізі өңірлік тауар тасымалы жүйесінде бірегей логистикалық хабқа айналған. Аталмыш сауда торабы Еуропа мен Қытай арасындағы тауар тасымалы үш есе қысқартты. Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша 2022 жылдан тауар тасымалы көлемі екі есеге, (2022 жылы – 1,7 миллион тонна), 2023 жылы 65 пайызға артып, бүгінде 2,7 миллион тоннаға өсті. «Орталық дәліз» арқылы сауда көлемі 10 миллион тоннаға арттыру көзделіп отыр.

Болашақта Каспий айлағы арқылы Оңтүстік Кавказ, Түркияның Қазақстанмен, Орталық Азия елдерімен, ЕАЭО және Қытаймен транс аймақтық негізде тікелей сауда тасымалын қалыптастыру жоспарланған. Ұлттық Экономика министрлігінің дерегінше, Қазақстан 2030 жылға қарай Транскаспий халықаралық көлік бағыты арқылы транзит көрсеткіштерін жылына 500 мың контейнерге дейін жеткізеді.

Транскаспий халықаралық көлік бағыты – 8 мемлекеттің аумағындағы 11 мыңнан астам шақырымға созылған жол бағыты. Қытайдың Ляньюньган портынан басталып, Еуропаға дейін созылып жатқан, ежелгі Ұлы Жібек жолының бүгінгі бағыты. Бағыт Қытай, Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Түркия, Украина, Польша, Румыния секілді елдерді басып өтіп, Шығыс пен Батыс арасын жалғайтын алтын көпір.

Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша екі бағытта жылына 10 млн тонна тауар айналымын, 200 мың контейнерге дейін жүк тасымалын жүзеге асыруға әлеуетті. Негізгі екі сауда жолы арқылы тасымалданады. Бірінші бағыт: Ақтау/Құрық – Баку (Алят) – Әзербайжан теміржолдары – Грузия теміржолдары – Батуми/Поти порты және әрі қарай Қара теңіздегі Варна/Бургас (Болгария) немесе Констанцаға (Румыния). Екінші бағыт: Ақтау/Құрық – Баку (Алят) – Әзербайжан теміржолдары – Грузия теміржолдары (Баку–Тбилиси–Карс бағыты) арқылы Еуропа құрлығына жетеді.

2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында қол қойылған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияда жағалаудағы елдердің үйлесімді ынтымақтастығы мен теңіз ресурстарын ұтымды пайдаланудың іргелі қағидаттары белгіленген еді. Каспий теңізінің экономикалық әлеуетін жан-жақты дамыту бүкіл өңір үшін маңызы артуда. Транскаспий халықаралық көлік бағыты және теңіз түбімен талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобалары жарқын мысалы. Жүйелі шешімдерді қажет ететін мәселелер де бар. Республикалық теміржол инфрақұрылымын, терминалдық қуаттарды қайта жаңғыртып, «тар өткелдерді» жою. Алдағы уақытта еліміз территориясы арқылы Еуропаға тікелей контейнерлік пойыздарды жіберу үшін Транскаспий бағыты Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жобасымен ұштасуға әлеуетті. Аталмыш жобалардың болашағы Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ арасында іргелі көпір ретінде күллі Батыс пен Шығыс арасын логистикалық негізде байланыстыратын болады.



**Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы.**

ӘКІМ

# Жемқорлыққа жол жоқ!

**Қала әкімі Ерболат Досаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Алматы қалалық комиссиясының отырысын өткізді. Шаһар басшысының төрағалығымен өткен кеңесте қаланың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Арман Рахимов денсаулық сақтау және құрылыс саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері қаралды.**



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кеңесті ашқан Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шараларына ерекше көңіл бөлінетінін атады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі бірлескен жұмыстың қорытындысы бойынша құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі жоспар әзірленіп, іске асырылуда.

Арман Рахимовтың мәліметінше, қабылданып жатқан шаралар мегаполисте сыбайлас жемқорлық қылмысын төмендетуге мүмкіндік берді. Мәселен, егер 2019–2021 жылдар аралығында қаланың денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі 36 қылмыстық істі тіркесе, соңғы екі жылда барлығы 3 қылмыстық іс тіркелген.

Қаланың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы 2023 жылы қаланың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қызметін сыртқы талдау нәтижесінде 18 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталғанын, 20 ұсыныс енгізілгенін хабарлады. Бұған қоса, жеке медициналық ұйымдарға медициналық қызметке лицензия алу кезіндегі ықтимал бұзушылықтар туралы шағымдарға байланысты олардың қызметінің заңдылығына мониторинг жүргізу ұсынылды.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шаметеков баяндағандай, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру үшін МӘМС жүйесінде жұмыс істейтін 147 медициналық ұйым, оның ішінде 123 жеке ұйым проактивті мониторингпен қамтылған.

Қала әкімі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Алматы бойынша департаментімен бірлесіп, Денсаулық сақтау министрлігіне жеке медициналық ұйымдар бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды. Ерболат Досаев атап өткендей, бұл жұмыстың басты мақсаты – медициналық қызметтің сапасын арттыру және қала тұрғындарының өтінішіне уақытылы ден қою.

«Құрылыс саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі шаралар туралы» кеңестің екінші мәселесі бойынша Алматы әкімдігі аппаратының басшысы Бейбіт Шахановтың дерегінше, сәулет органдары жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету және қазіргі заманғы IT шешімдерді пайдалану мен лауазымды тұлғалардың жұмысын регламенттеу арқылы осы саладағы бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылдануда. Сондай-ақ, Ауыл шаруашылығы министрлігіне жер қатынастарын жетілдіру және теріс мақсатта пайдалану мүмкіндіктерін жою бойынша бірқатар ұсыныс енгізілді.

Кеңесті қорытындылай келе, қала әкімі Ерболат Досаев әкімдіктің жауапты бөлімшелеріне осы саладағы сыртқы талдау нәтижесі бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша ұсынымдардың сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

*«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу әрбір басшының күнделікті жұмысы болуға тиіс. Ресми жұмыс әдістерінен бас тартып, халықтың наразылығын тудыратын жүйелі проблемалық мәселелерді шешу жөнінде шаралар қабылдау қажет»,* – деді Ерболат Досаев.

Қазіргі уақытта қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомство мен Алматы әкімдігі барлық салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен іс-қимылдарды әзірлеп, іске асырып жатыр.

САЯХАТ




# ТУРИСТЕР КӨБЕЙЕДІ

**Келер жылдың соңына таман Алматының нөмірлік қорын 1,5 есеге арттыру жоспарланып отыр.**

Айнабай
МӘДИ

MasterCard дерегіне сүйенсек, биылғы бірінші жартыжылдықта Алматыдағы туристік ағын үштен бірге артады. Мегаполиске шетелдік қонақтардың қызығушылығы артқан сайын әуе компаниялар да рейстерінің аралығын қысқарту, сыйымдылығы мол ұшақтарды таңдау тәрізді шараларды қабылдау үстінде. Бұл жайында Алматы қалалық Туризм басқармасы мәлімдеді.

Мәселен, ағымдағы жылғы маусым айында Алматы әуежайының жаңа терминалының құрылысы бітеді. Соның нәтижесінде жалпы өткізу қабілеті жылына 14 млн жолаушыға дейін көбейеді. Қаламызда жыл сайын аталған саладағы ағынның артуына байланысты туристік инфрақұрылымды дамытуға да жіті көңіл бөлінетін болады.

3,2 мың бөлмелі 15 қонақүйдің құрылысы мен дизайны қолға алынды. 2025 жылдың қорытындысымен инвесторларды тұрғын үй құрылысынан қонақүйлер салуға ынталандыру арқылы нөмірлік қорды 1,5 есе, яки 17 мың нөмірге дейін ұлғайту жоспарланған.

БӘРЕКЕЛДІ!



# ОҚУШЫЛАР ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ

## Алматылық оқушылар Халықаралық ғылым және өнертабыс байқауында жеңімпаз атанды

**Алматылық оқушылар өздерінің көктемгі демалысын көңілді өткізді. Олар Халықаралық ғылым және өнертабыс байқауына қатысып, жеңімпаз атанып оралды.**

Рая
ЕСКЕНДІР

Ағымдағы жылдың 22–28 наурыз күндері Тунис мемлекетінің Махдия қаласында «The International Festival Of Engineering Science And Technology In Tunisia (I-FEST – 2024)» атты халықаралық ғылым және өнертабыстар байқауы өткен еді. Әлемнің әр түкпірінен келген 1500 қатысушының ішінен Алматы қаласының оқушылары үздік ондыққа еніп, алтын және қола медальдарға ие болды.

Олардың қатарында №176 мектеп-гимназияның 8-сынып оқушысы Әдия Құттығалиева алтын медальға, №12 мамандандырылған гимназияның 11-сынып оқушылары Ерден Айша мен Бақытжан Томирис қола медальға ие болды.

МӘСЛИХАТ

# Қала бюджеті нақтыланды

**«Достық үйінде» Алматы қаласы мәслихатының жергілікті бюджетті нақтылау жөніндегі XV сессиясы өтті.**



*Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

Досбол
АТАЖАН

Депутаттар күн тәртібіндегі бірқатар түйінді мәселелерді қарады. Мәселен, мегаполис басшысының бастамасымен бюджеттің кей шығындары, атап айтқанда, фестивальдар, форумдар мен түрлі имидждік іс-шараларды өткізуге арналған шығындарды қысқарту туралы шешім қабылданды. Қосымша бөлінетін қаражаттың 60%-дан астамы даму мақсаттарына – әлеуметтік маңызы бар жобаларға бағытталатын болады.

Сессия барысында халық қалаулылары алдында аудан әкімдері мен әртүрлі салалық басқарма басшылары жергілікті бюджетке қатысты нақты жоспарларын таныстырды. Алматы қаласы Қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков жалпы бюджетті нақтылау қаражатты ішкі қайта бөлу және 2023 жылғы бюджеттің кіріс бөлігін асыра орындау есебінен жүргізілетінін атап өтті.

Атап айтқанда, «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында 37 100 оқушыға арналған 22 мектеп салу жұмыстары жалғасады. Жергілікті бюджеттен 13 Алматы мектебіне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (жылу-сумен жабдықтау, электр қуаты) және талшықты-оптикалық байланыс желілерін салуға қаражат бөлінетін болады. Сондай-ақ, осы жылы 3 көлік-трансплантациялау торабының – «№7 қалалық аурухана» аялдамасы, Бөкейханов көшесі, 508, «Сәлем» автовокзалы, Пушкин көшесі және Райымбек даңғылы, «Саяхат» аялдамасы) құрылысы басталады. Өзге жоспарлардан «Тереңкүр» саябақ аймағы көлінің айналасындағы учаске қайта құрылмақ. Жобада ашық аспан астында амфитеатр орнату қарастырылған. Саябақ аймағы мегаполистің тұрғындары мен қонақтары үшін тартымдылық орталығына айналады.

Күн тәртібіндегі қозғалған мәселелер қатарында әлеуметтік көмектің мөлшерін көбейту болды. Депутаттар шешімі бойынша электр энергиясын қоса алғанда, коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуін ескере отырып, ХӘОТ әлеуметтік қолдау үшін ағымдағы көмектің мөлшері ұлғайтылады. 2024 жылғы 1 наурыздан бастап ол 0,75 АЕК (2769 тг.), ал 2024 жылғы 1 сәуірден бастап – 0,8 АЕК (2954 тг.) болып өзгертілді. Сондай-ақ, Алматы қаласының мәслихаты «жетім балаларды» Қазақстан Республикасының Тұрғын үй қатынастары туралы Заңына сәйкес әлеуметтік көмек алушылар тізіміне енгізуді ұсынды. Осылайша 2024 жылғы 1 наурыздан бастап жетім балалар санатындағы 1142 азамат әлеуметтік қолдау көрсету құқығына ие болады.

Сонымен қатар, мәслихаттың бірнеше шешімдеріне өзгерістер енгізіліп, заңнамаға сәйкес келтірілді. Енді бұған дейін Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген Алматы қаласында тұратын азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету, оның ішінде Санкт-Петербургке және кері қайтуға жол жүру шығындарын өтеу аудан әкімдіктері арқылы жүзеге асырылатын болады.

Сессияда сондай-ақ, «Алматы қаласы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілді. Бұдан басқа, жұмыстан босату туралы берілген өтінішке байланысты Алматы қаласы бойынша Тексеру комиссиясының жаңа мүшесі Салтанат Саинқызы Нұғманованы тағайындау туралы шешім қабылданды.

Өзгерістер мәслихаттың депутаттық құрамында орын алды. Жеке өтініштері бойынша, Қазақстан Халық партиясы фракциясының екі депутаты – Владимир Валерьевич Власов пен Назерке Еркінқызы Мұндаханованың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды. Заңнамаға сәйкес, мәслихаттың жаңа депутаттары Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген ҚХП партиялық тізімінен ұсынылатын болады.

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА



# ӨРТ СӨНДІРУ БӨЛІМІ АШЫЛДЫ

**Бостандық ауданының «Нұр-Алатау» ықшамауданында Төтенше жағдайлар вице-министрі Ерлан Нұрпейісовтың қатысуымен жаңа өрт сөндіру депосының ашылу рәсімі өтті. Алматы қаласының ТЖД-ті таратқан ақпарат бойынша іс-шараға ТЖД Алматы гарнизонының жеке құрамы және арнайы шақырылған қонақтар – азаматтық қорғау ардагерлері қатысты.**

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

«Алматы қаласының әкімі Ерболат Асқарбекұлына төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мәселелеріне қосқан елеулі үлесі үшін жеке алғысымды білдіремін. Өз кезегінде қызметкерлерден қойылған міндеттерді орындап, сеніп тапсырылған мүлікке ұқыпты қарауды сұраймын», – деп атап өтті вице-министр Ерлан Нұрпейісов.

Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен салынған ауданы 2,5 мың шаршы метрден асатын жаңа өрт депосы 4 шығуға есептелген – ТЖ-ға ден қою уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Жалпы халық саны 45 мыңнан астам адам және 146 шаруашылық субъектісі бар «Қазақфильм», «Нұр-Алатау», «Нұрлытау», «Бағанашыл», «Ерменсай», «Мирас» және «Аққайың» ықшамаудандарының тұрғындарына қызмет көрсетеді.

«Штат саны шамамен 70 адам. Жаңа депода жеке құрамды орналастыруға және күнделікті қызметті қамтамасыз етуге арналған үй-жайлар, сондай-ақ тренажер спорт залы қарастырылған. Өрт сөндіру бөлімінің қаруланауында – ауданның талаптарын ескере отырып таңдалған 6 бірлік өрт техникасы – тау бөктеріндегі жер және тар жолдар. Бұл 5 тоннадан тұратын төрт өрт сөндіру автоцистернасы және «Тойота Хайлюкс», «Газ Валдай» жедел әрекет ететін екі автомобиль», – деді Алматы ТЖД бастығы Нұрлан Атығаев.

Кәсіби дайындықты ұйымдастыру мақсатында оқу-жаттығу мұнарасы, кедергілері бар 100 метрлік жолақ бар. Соңғы қабаттарда гарнизон қызметкерлері үшін 3 пәтер қарастырылған.

Бүгінгі таңда қаланың қауіпсіздік күзетінде өртке қарсы қызметтің 20 бөлімшесі бар. Мегаполисте тағы үш өрт сендіру депосын салу қарастырылуда. Олар Түрксіб ауданының («Шығыс қақпасы» ы/а), Наурызбай ауданының ( «Шұғыла», «Қарағайлы» ы/а) көлемінде салынады. Әкімдіктің қолдауымен Алматы гарнизоны жыл сайын арнайы және қосалқы мақсаттағы жаңа автомобильдермен толықтырылуда.

КӨГАЛДАНДЫРУ

# ТЕГІН КӨШЕТ

## «Жасыл аула» науқаны басталды

**Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының хабарлауынша, мегаполисте 30 наурыздан бастап қала тұрғындарынан көпқабатты үйлердің ауласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыру үшін жапырақты көшеттерді алуға өтінімдер қабылдау басталды. Көшеттер әдеттегідей тегін беріледі.**



Айта кетейік, науқан аясында бір адамға 20-ға дейін көшет бөлінеді. Бұл ретте өтініш беруші отырғызылған ағаштарды алдағы үш жыл бойы күтіп-баптау туралы кепілді міндеттемеге қол қоюы тиіс.

Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы сәуірдің 8-іне дейін жалғасады. Көрсетілген уақыттан кейін жолданған өтініштер қабылданбайды.

Қатысу үшін Jasyl.aula.almaty@gmail.com электронды поштасына келесі мәліметтерді жолдау қажет:

1. Қатысушының аты-жөні мен телефон нөмірі, ағаш отырғызылатын орынның нақты мекенжайы;
2. Ағаш отырғызылатын орынның фотосы (мамандарға орынды толықтай бағалауға мүмкіндік болуы үшін панорамалық форматта болғаны жөн);
3. Сұралып отырған көшет саны.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

*Көшеттерді тарату Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Юрий Ким көшесі, 9 («Eco Almaty» ЖШС) мекенжайында 2024 жылдың 13, 14 сәуіріне жоспарланған. Отырғызылған көшеттердің суретін жіберу қажет.*

*Қосымша ақпарат алу үшін Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының Жасыл қорды басқару және мониторинг бөліміне мына байланыс нөмірлері бойынша хабарласуға болады: +7 707 546 17 70, +7 (727) 390-41-17.*

ТАЗАЛЫҚ

# АЙЫППҰЛ АРҚАЛАП ЖҮРМЕҢІЗ!

## Арық желілерінен шамадан тыс көлемде қоқыс шығарылды

**Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мамандары бұдан былай арықтар мен нөсер ағындарына қоқыс тастайтын алматылықтарға айыппұл салынатынын айтып отыр.**

**Құралай ЖҰМАДІЛОВА**

Алматыда жаңбырдан соң арық желілері мен каналдардан 20 самосвал (шамамен 100 м3) қоқыс шығарды.

Қаланың коммуналдық қызметтері хабарлағандай, тазалық жұмыстары кезінде арықтардан мультиварка, кәстрөл, автомобильдердің тозған дөңгелектері, жаялықтар секілді үлкен көлемдегі тұрмыстық қалдықтар табылған. Мұндай «қоқыстар» арықтардан жаңбыр суының өтуіне кедергі келтіреді.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы қала тұрғындарынан су басуды болдырмау үшін арықтарды, нөсер ағындары мен каналдарға қоқыс тастамауды сұрайды. Ескертуге құлақ аспағандар ӘҚБтК-нің 505-бабының «Қалалар мен елдімекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін бұзу, қала мен елдімекендердің жасыл желектерін жою және зақымдау» бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады немесе 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Қала халқының жүріп-тұруына жайлы болуы үшін кандай ауа райы болмасын, тәуліктің кез келген уақытында Алматы көшелерінде тазалықты қамтамасыз ететін, 1000-нан астам жол жұмысшысы мен 500 бірлік арнайы техника жұмыс істейді. Демек, «сары жилет» киген адамдар аллеялар мен даңғылдардың тазалығына жауап береді. Олар қоғамдық орындарды ретке келтіріп, арықтарды тазартады. Нәтижесінде күн сайын коммуналдық қызметтердің күшімен жүздеген тонна қоқыс пен тұрмыстық қалдықтар шығарылады. Осыған байланысты Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарын қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, коммуналдық қызметкерлердің және қарапайым еңбек адамының жұмысын құрметтеуге шақырамыз.



ЖОБА

# «АҚЫЛДЫ ҚАЛА»

## Алматыда бейнекамералар саны 30%-ға артады

**Мегаполисте «Алматы – Смарт-сити» тұжырымдамасы аясында Сингапур, Шанхай, Шэньчжэнь сынды мегаполистерге ұқсас қаланың «цифрлық егізін» іске асыруға негіз болатын үлкен деректерді жинау мен талдау үшін Алматы қаласының Ахуалдық орталығы жобасы жүзеге асырылып жатыр.**

**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Аталмыш орталық қала тіршілігінің барлық саласындағы деректерді жинауға, талдауға, халыққа ақпарат беруге және қала билігінің тұрғындардан кері байланыс алуына мүмкіндік беретін 53 модульден тұрады.

Мақсаты – сенімді әрі өзекті деректер негізінде қаланың әлеуметтік-экономикалық процесін бақылау, талдау, жоспарлау, оны кейіннен визуализациялау үшін бірыңғай ақпараттық-талдамалық кеңістік құру.

Деректер 50-ден астам ұйымнан, сондай-ақ, мемлекеттік және қалалық ақпараттық жүйелерден (Ұлттық статистика бюросының сайты, «Қылмыстық құқық бұзушылық картасы», «109-қызмет», «Бірыңғай бейне мониторинг жүйесі», «Сергек», «Оңай», Метрополитен, ТЖД және т.б.) жиналады.

2022 жылдың тамызынан бастап Алматыда «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі» жобасы қолға алынған, оның басты міндеті нақты уақыт режимінде бейне аналитика қалыптастыру үшін қаладағы барлық бейнебақылау камерасын бірыңғай платформаға біріктіру.

«Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі» жобасы аясында қазір шаһарда барлығы 38 854 бейнекамера орнатылған, ал 2024 жылдың соңына қарай қосылған камера санын 50 000-ға дейін жеткізу, яғни 30%-ға дерлік арттыру жоспарланып отыр.

Бұған қоса, 2023 жылы Алматыда алғаш рет барлық мемлекеттік мектеп мен балабақшада кешенді қауіпсіздік жүйесі енгізілді. Жүйе 4 құрамдас бөліктен тұрады:

- **цифрлық бейнебақылау камералары;**
- **дабыл түймелері;**
- **өртке қарсы қауіпсіздік жүйелері;**
- **Face ID қондырғысы бар арнайы турникеттер.**

2024 жылдың соңына қарай жүйемен қаланың барлық мемлекеттік денсаулық сақтау нысаны қамтылады.

Айта кететін нәрсе, озық технологияларды енгізу деректерді үнемі жаңартып отыруды, тәжірибе алмасуды талап етеді. 2024 жылдың наурыз айында Алматы қаласы әкімдігінің делегациясы цифрлық технология саласында көш бастап тұрған Қытайдың Шэньчжэнь қаласына жұмыс сапарымен барды.



Сапар аясында делегация «Шэньчжэнь қаласының деректерді басқару және мемлекеттік қызметтер бюросына», Шэньчжэньдің «Ақылды қала» технологияларды дамыту тобының Data-хабына, сонымен бірге, Лонгэн ауданындағы Жедел ден қою орталығына барды. Бұл орталықтарда жасанды интеллект элементтерін қолданып, барлық бағытты белсенді дамыту үшін бейнебақылау камералары, заттар интернеті датчиктері (IoT) және гео-кеңістіктік деректер қолданылады.

Әкімдік өкілдеріне цифрлық егізді қала құрылысына, инженерлік инфрақұрылым мен көлік саласында қолданудың нақты мысалдары көрсетілді. Деректерді жинау және талдау, модельдеу мен визуализация және басқару жүйелерімен біріктіруді қосқанда, «цифрлық егізді» құру мен қолданудың техникалық аспектілері көрсетілді.

Бұған қоса, делегация «ақылды қалалар» саласындағы озық шешімді зерттеу үшін «Inspur», «Tencent», «Huawei» компаниясының өкілдерімен кездесті. Алматы әкімдігінің делегациясы Шанхайда қаланың цифрлық егіз технологиясына маманданған «51WORLD» кәсіпорнының өкілдерімен жүздесті.

«Цифрлық егізді» құруға арналған озық техникалық құралдарды қолдануды көрсету, осы салдағы өндіруші көшбасшылармен диалог орнату «Алматының цифрлық» дамуына серпін береді.

Сонымен қатар, Алматыдан барған делегация қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу зауытының (Waste to Energy Plant) да жұмысымен танысты.

Ақылды қалалар саласында тәжірибе алмасу үшін 2024 жылдың екінші тоқсанында Алматыға Шэньчжэньнен делегация сапармен келуді көздеп отыр.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!




| ӨТЕТІН ОРНЫ | КҮНІ МЕН УАҚЫТЫ | БАЙЛАНЫС ҮШІН |
|---|---|---|
| Комьюнити-орталық (Саялы шағын ауданы, 71) | 1 – 5 сәуір сағ. 9.00-ден бастап | 8-727-246-48-29 8-705-330 34-15 8-701-333-34-88 |
| Алматы полиграфия колледжі (Шевченко к-сі, 202) | 1 – 5 сәуір сағ. 10.00-ден бастап | 8-727-313-31-21 8-700-741-45-19 |
| №6 қалалық емхана (4 шағын ауданы, 3а) | 1 – 5 сәуір сағ. 9.00-ден бастап | 8-727-303-25-60 8-747-896-88-44 |
| №10 жалпы білім беретін мектеп (Бұқар жырау бульвары, 50б) | 1 – 5 сәуір сағ. 14.00-ден бастап | 8-727-274-67-01 8-705-275-53-47 |
| №207 мектеп-лицейі (Алтын орда к-сі,6/32) | 1 – 5 сәуір сағ. 10.00-ден бастап | 8-727-305-38-84 8-702-175-22-22 |
| «Аяжан» жоғары медициналық колледжі (Талас к-сі, 1) | 1 – 5 сәуір сағ 10.00-ден бастап | 8-727-235-78-97 8-727-232-73 47 8-776-222-86-18 |

# «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»

## жобасы аясында қаржылық сауаттылық бойынша оқуға шақырады

Заман өзгеріп, технология дамып жатқан заманда қаржы әлемінде де өзгерістердің болуы заңдылық. Сондықтан өз қаражатыңызды тиімді басқару үшін қаржылық сауаттылық деңгейіңізді үнемі көтеріп отыру – уақыт талабы. Сондай-ақ, ақпараттық технологиялар мен құқықтық саладағы білімді толықтырып отыру да маңызды мәселе.

Осы орайда Алматыда 5 ақпанынан бастап халықты қаржылық сауаттылық бойынша тегін оқытатын арнайы курстар басталды. Оқу 16 желтоқсанға дейін жалғасады. Оқыту бес күнге созылады.

**Оқыту шеңберінде:**

- қаржы сарапшылары жеке консультациялар өткізетін болады;
- қатысушылардың қалауы бойынша өз бизнесін ашу үшін мемлекеттік гранттық және кредиттік бағдарламаларға бизнес-жоспар жазуға көмектеседі;
- сіз білікті заң көмегін ала аласыз, егер сіздің шоттарыңызға тыйым салынған болса, сіздің қарызыңыз коллекторлық компанияға сатылған болса, сізге несиелік қарызды қайта құрылымдау қажет және т.б.

■ **Қатысу үшін кестеде көрсетілген жауапты тұлғаларға хабарласуға болады.**

■ **Оқыту толығымен тегін.**

■ **Толығырақ: https://qogamfin.kz/kk**

ДЕПАРТАМЕНТ

# Азаматтардың құқығын қалпына келтіру маңызды

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментіне (бұдан әрі – департамент) азамат жүгінді. Ли Г.В. атынан сенімхат бойынша әрекет ететін О.С.Тәжібаева (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы), 2014 жылдан бері ұзақ уақыт бойы жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттарды ресімдей алмады.**

Атап айтқанда, 2011 жылы көрсетілетін қызметті алушы мәмілені заңды түрде нотариалды ресімдеп, оны уәкілетті органда тіркей отырып, Алматы облысында жер учаскесін сатып алды.

2014 жылы Президенттің №789 Жарлығымен Алматы қаласының шекараларының кеңеюіне байланысты аталған жер учаскесі Алматы облысынан Алматы қаласына қосылды және қаржылық қиындықтар мен мүмкіндіктің болмауына байланысты көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды қайта ресімдей алмады.

Кейінірек, 2023 жылы көрсетілетін қызметті алушы жер учаскесіне мемлекеттік актіні одан әрі алу мақсатында жерге орналастыру жобасын бекіту үшін Алматы қаласының жер қатынастары басқармасына жүгінді, алайда ол ақпараттық жүйеде жер учаскесінің меншік иесі туралы мәліметтердің жоқтығына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартты.

2024 жылы департаментке өтініш білдірген соң, департамент өтініш берушінің құқықтарын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдады.

Өтінішті қарау қорытындысы бойынша департаменттің ұсынысы бойынша бұрынғы облыстық мемлекеттік актісі бар жер учаскесіне Алматы қаласының қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасында жаңа мекенжай берілді, ал Алматы қаласының «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ филиалында ақпараттық жүйелерде тиісті түзету жасалды.

Кейіннен Алматы қаласы «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ филиалының Жылжымайтын мүлік басқармасында жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша ақпараттық жүйеге жер учаскесінің меншік иесі туралы ақпарат енгізілді. Алматы қаласының жер қатынастары басқармасы жерге орналастыру жобасын бекітті, бұл көрсетілетін қызметті алушыға жер учаскесіне жаңа мемлекеттік актіні алуға одан әрі құқық берді.

Нәтижелерге қанағаттанған қызметті алушы департаментке ұзақ мерзімді проблеманы шешкені және оның бұзылған құқықтарын қалпына келтіргені үшін алғыс білдірді.

**Мақсат ЖАҢБЫРШИЕВ,**
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы.**

# Наурыз – бірлік пен татулықтың мерекесі

**Наурыз – Шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, ежелгі заманнан қалыптасқан жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Күн мен түн теңелетін күн, төрт түлік мал төлдейтін ай, табиғаттағы барлық жәндіктер мен өсімдіктерге жан бітетін ай. Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың мерекесі ретінде тойланған.**

Біздің еліміз көпұлтты болғандықтан халықтың бірігіп тойлайтын – бірлік, достық, бейбітшілік мейрамы. Наурыздың мағынасы – наурыз парсыша «нау» (жаңа) және «руз» (күн) деген ұғымдарды білдіреді. Жаңа жылдың бірінші күні деген мағынаға ие. Ол күнтізбелік жылдың үшінші айы, көктемнің басы.

22 наурыз күні күн мен түн теңеледі. Наурыз мерекесі – бұл көктем мерекесі ғана емес, қазақ халқының Жаңа жылы болып келеді. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін ерекше бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды дәстүрге айналдырған. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып, кешірім жасап, жақсы тілектер айтып, табысып, жақсылық тілеген. Наурыздың дәстүрлі тағамы – наурыз көже. Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Халықта наурыз көжені тойып ішкен адам келесі жылға дейін ішім-жемнен тарлық көрмейді деген ұғым бар. Дастархан басында жастар үлкендердің батасын алған. Халық таза, жаңа киімдерін киіп бір-бірімен қол алысып, амандасып төс қағыстырып жақсы тілектер айтқан. Мереке күні алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылған. Ұлттық ойындар көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, тағы басқа ойындар ойналады.

Қорыта айтқанда, бұл мереке біздің еліміздің тәуелсіз екенімізді, әрі көп ұлттың тату-тәтті өмір сүріп жатқанын білдіреді. Қазақстанда тұрып жатқан барша халықты бауырмалдыққа, әдептілікке шақырады. Осындай қарым-қатынас ұзағынан болып, еліміз әлемдегі ең бай елдердің қатарында болса екен деп тілеймін.

**Ажар КАЛИЕВА,**
**Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің бас маман, бас-қазынашысы.**

МӘСЕЛЕ

# БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ТУБЕРКУЛЕЗ

## белгілері қандай және қалай емделуге болады?

**Туберкулез – созылмалы инфекция және әлеуметтік-қауіпті аурудың бірі. Туберкулез – ересектер ғана емес, балалар да ауыратын ауру. Ауру адам ағзасындағы микробактериялардың (Кох таяқшалары) белсенділігінен туындайды.**



*(Дереккөз: azattyq-ruhy.kz)*

Балалар-жасөспірімдер арасындағы туберкулез бүкіл әлемдік өзекті мәселе болып табылады.

Балалар арасындағы туберкулездің алуан түрі бар. Кейде туберкулез ауруы әдеттегі суық тиіп тұмаумен ауырған кезде, яғни адамның өкпесі қабынып немесе өзіне тән ауру белгілерімен жасырын түрде өтуі мүмкін.

Туберкулез – ауа тамшылары арқылы таралатын және ағзаға туберкулез бактериялары түскенде дамитын қауіпті ауру.

Туберкулез ауруының екі түрі бар. Олар: ашық түрі – туберкулездің микробактериясын таратушы және жабық түрі, яғни туберкулездің жұқпайтын түрі болып табылады.

Туберкулез ауруы жас талғамайды, онымен кез келген жастағы адам ауыруы мүмкін. Сондай-ақ, оның адамға жұғу жолдары да әртүрлі: туберкулез инфекциясы түшкіру, жөтелу арқылы тарайды. Жанындағы сау адам осы ауамен демалғанда туберкулез инфекциясын жұқтырып алуы ықтимал.

**Туберкулезге тән ауру белгілері:**

– дене қызуының көтерілуі, әсіресе, кешкі уақытта;
– түнге қарай терлеу, ұйқының нашарлауы;
– тәбеттің төмендеуі;
– дене салмағының төмендеуі;
– оқу үлгерімінің нашарлауы, айналаға қызығушылықтың азаюы.

Туберкулездің бастапқы кезеңін анықтауға Манту сынамасын салдыру мүмкіндік беретін негізгі жолдың бірі.

Перзентханада бала ағзасында иммунитет қалыптастыру үшін БЦЖ вакцинасы ата-анасының жазбаша берген келісімімен егіледі.

Егер перзентханада балаға бір себептермен БЦЖ екпесі егілмеген болса, онда 2 айдан соң балаға Манту сынамасы салынып, «теріс» реакция алғаннан кейін БЦЖ вакцинасы егіледі. Сондай-ақ, Манту сынамасы жыл сайын қауіп тобындағы: яғни иммунды тапшылығы және созылмалы аурулары бар, әлеуметтік қолайсыз отбасынан шыққан балаларға жасалады.

***Балаларда кездесетін туберкулез түрлері:***

өкпе туберкулезі өте сирек кездеседі;
балалардағы кеуде лимфа безінің туберкулезі 95%-ға дейін кездеседі;
сүйек туберкулезі;
буын туберкулезі;
ми қабаты туберкулезі;
ішек туберкулезі.

***Өкпенің туберкулезі:*** эксудативті қабыну өзгерістерімен сипатталады. Суық тию, тұмау, бронхит, пневмония белгілеріне ұқсас болып келгендіктен, ажырату қиынға соғады. Ауруды анықтау үшін міндетті түрде рентген тексерісімен және Манту сынамасын жасайды.

***Туберкулездік плеврит:*** көбінесе аллергияға бейім балаларда кездеседі.

Жедел түрде басталады, дене қызуы 38-39С-қа дейін көтеріліп, көкірегі, бүйірі шаншып ауырады. Зақымданған жағының қозғалысы тарылып, аускультацияда өкпе дыбысы естілмейді. Рентгенограммада – өкпе ткані көрінбейді.

**Ең жиі кездесетін түрі:** Лимфа безінің туберкулезі (ЛБТ).

Бала организміндегі ішкі және сыртқы бездер иммундық қорғаныштық роль атқарады. Мұндай жағдайда сыртқы тамақ, қолтық, мойын, т.б. және бронх, өкпе бездері қабынып, ісінеді, кейде бір-біріне қосыла ісініп, үлкейіп кетеді. Дер кезінде емделмесе, жақын жатқан тыныс жолдарына шауып, дем алысын қиындатып, одан әрі дамуына себеп болады. Ауру күшейе келе сырқат баланың тәбетін нашарлатып, жүдете бастайды.

***Туберкулезді менингит:*** бұл ауру барлық жастағы балаларда кездеседі, аурудың ең ауыр асқынған қауіпті түрі. Көп ауыратын, әлсіз, иммунитеті төмен жүдеу балалар жиі шалдығады. Бұл аурудың басталуына балалардың көкжөтелге, қызамыққа, қызылшаға және басқа жұқпалы сырқатқа шалдығуы, құлап бастарын жарақаттап алуы себеп болуы мүмкін.

Туберкулезді менингитіне тән ауру белгілері: бастың қатты ауыруы, себепсіз құсуы, бұлшық еттің тонусының жоғарылауы, менингиальды белгілер (Керниг-Брудзинский симптомы).

Диагноз жұлын-ми сұйықтығын тексеру және Манту сынамасын қою арқылы анықталады.

Жоғарыда айтылғандай, туберкулез ауруы үлкендерді ғана емес, бала ағзасын да қатты зақымдайды.

Балаларды туберкулез ауруынан қорғайтын негізгі және арнайы әдісі – БЦЖ екпесі. Перзентханада нәрестеге 3-4-ші күні БЦЖ вакцинациясын, 6-7 жас (1-сынып) қайта егу ревакцинациясын бала иммунитетін нығайту үшін жасайды. Манту әдісі бойынша ауруды тудырмау қадағаланады.

Манту сынамасы екпе емес, яғни оның құрамында туберкулез бактериясының жоқ екенін білген жөн. Ал 15 жастан бастап барлық ересек адамдар тұрғылықты тіркелген емханасында, оқу жұмыс орны бойынша флюорографиялық тексеруден өтулері тиіс.

Сонымен қатар, туберкулездің алдын алудың ең тиімді жолы – салауатты өмір салты.

– Балалардың толыққанды, дәрумендерге бай тағамдарды тұтынуы, жеткілікті және уақытылы ұйықтауы, жыл мезгілдеріне қарамастан таза ауада көп серуендеуі.

